



Газет 2014 жылы
Қарағанды облысы әкімінің
«Тіл жанашыры» сыйлығының
лауреаты атанды


Арқа Ақшамы

Аймақтық қоғамдық-саяси газет №27(161) 21 шілде 2016 жыл

ҮКІМЕТ НЕ ДЕЙДІ, ШЕНЕУНІК НЕ ЖЕЙДІ?



**АТЫ ЖАҢА,
ЗАТЫ ЕСКІ** 3▶



**КИЛЛЕРДЕН
ҚАШҚАН КӘСІПКЕР**



**ДАУДЫҢ БАСЫ —
БАСПАЛДАҚ** 6▶



**АЛАТАУ АЗА
ТҮТҚАН КҮН** 9▶



**АРЫСТАНБЕК
АЙЫПТЫ МА?** 10▶



Жалғасы 7-бетте

«АРҚА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ 2016 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

2016

Индекс	Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
64540	6 айға	1747 теңге	1824 теңге
Жеке жазылушылар үшін	12 айға	3494 теңге	3648 теңге
14540	6 айға	5393 теңге	5470 теңге
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға	10786 теңге	10940 теңге

Газетке «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелеріне барып, жаздырып алуға болады.

Қарағанды облыстық әкімдігіндегі жиналыста шенеуніктерге жемқор әріптестері туралы фильм көрсетілді.

Кеңейтілген жиналыс ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюро төрағасының орынбасары Алик Ішпекбаевтың қатысуымен өтті. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңның егжей-тегжейін түсіндіретін баяндама жасады.

Ішпекбаев ҚР бұрынғы премьер-министрі Серік Ахметовтің және Қарағанды облысының бұрынғы жоғары лауазымды шенеуніктерінің даулы жемқорлық істерін еске салды. Осы үдерістердің аймақтағы мемлекеттік қызметкерлерге сабақ болмағанын айтты.

– Облыстағы жемқорлық құқықбұзушылық бойынша бірінші орында жергілікті атқару органдары тұр. Жемқорлықтан бөлек мемлекеттік қызметкерлер қылмыс жасауға дейін барған. Бұл мемлекеттік биліктің беделіне нұқсан келтіреді, – деді А.Ішпекбаев.

Аймақтағы жемқорлық құқықбұзушылықтың алдын алу және ескерту жұмыстары туралы Қарағанды облысы әкімі аппаратының жетекшісі Жанат Ысқақов мәлімдеді.

– Мемлекеттік қызметкерлер, «Нұр Отан» партиясының мүшелері жіберген құқықбұзушылықтар партиялық бақылау комиссиясында және филиалдардың саяси кеңесі бюросында қаралады.

2015 жылдың екінші жартысын қорытындылай келе, партияның 9 мүшесі партиялық жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде 6 мүше жемқорлық құқықбұзушылық жасаған. Барлық 9 тұлға «Нұр Отан» партиясынан шығарылды, – деп хабарлады Ж.Ысқақов.

Жиналысқа қатысқандарға сыбайлас

«ТАМАҚҚА» САБАҚ



жемқорлыққа қарсы қызмет түсірген бейнероликтер көрсетілді. Фильмдердің бірінде аймақтағы жемқорлық фактісімен ұсталғандардың, айыпталғандардың аты-жөні айтылды. Кадр сыртындағы мәтінде мемлекеттік сатып алулар мен жер қатынастары салаларының жемқорлыққа батқаны айтылды.

Фильмдегі мәтіннен үзінді: «Ішкі істер органдары да жемқорлықтан ада емес. 2014-2016 жылдары қызметін асыра пайдалану мен жемқорлық бойынша 143 қылмыс тіркеліп, 59 қызметкер қылмыстық жауапкершілікке

тартылды. Қылмыстық істердің көпшілігі пара алумен байланысты».

Содан соң фильмде сыбайлас жемқорлық үшін сотталып, абақтыда жазасын өтеп жатқан қарағандылықтар сөз сөйледі.

– Бұл біздің аймақтың атқарушы органдарына еш абырой әпермейді. Бірақ осындай форматта ақпарат алу арқылы біздің әріптестер жемқорлықтан бойын аулақ ұстайды деген үміттемін, – деді Қарағанды облысының әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков. Ол А.Ішпекбаевқа алғыс білдірді ■



МЕРЗІМІ БІТТІ

Облысымызда күйдіргіге байланысты жарияланған карантин мерзімі бітті. Бұл туралы Ауылшаруашылығы министрлігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы Сақташ Хасенов мәлім етті.

– Қарағанды облысындағы карантин алынып тасталды, – деп хабарлады ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте.

Бұған дейін хабарлағанымыздай, 2016 жылдың 8 маусымы мен 8

шілдесі аралығында Қазақстан бойынша 16 адам күйдіргі жұқтырған. Алматы облысында 3 адам, Шығыс Қазақстан облысында 2 адам, Қарағанды облысында 8 адам (өкінішке қарай, екеуі қайтыс болды), Павлодар облысында 3 адам осы аурумен ауырған. Аман қалған 14 адамның 8-і қазір ауруханадан шыққан, тағы 6 адам стационарда ем қабылдауда ■

QAMSHY.KZ «Арман Қуанышбаев: салафизмнің ақпарат көздерін бітеп тастау қажет» – «Мұсылман болмақ есте-есте...» дегендей, сөз түзелсе, тыңдаушы да түзелер. Елге танымал уағызшы-ұстаз Арман Қуанышбаевпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

AZATTYQ.ORG «Жарылған» жігіттің ауылы совет заманын сағына еске алады» – Қарағанды облысында 26 маусымдағы полиция операциясы кезінде «өзін-өзі жарды» деген жігіт туып-өскен Гүлшат ауылындағы 30 үй қоныртөбел тұрмыс кешіп жатыр.

BAQ.KZ «Олимпиада үміттері: Балалар үйінен Бразилияға дейін» – Кеше ауыр атлетикадан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Алексей Ни Олимпиада ойындарына қатысатын 8 спортшының тізімін жариялады. Өкінішке қарай, допинг дауына іліккен Илья Ильин бастаған атлеттеріміз төрт жылдықтың басты додасынан тыс қалып отыр. Дегенмен Бразилиядағы аламан додаға қатысатын басқа атлеттерден үлкен үміт күтуге болады. Ендеше оқырман назарына сол спортшыларымызды кеңірек таныстыруды мақсат етіп

отырмыз.

KAZ.365INFO.KZ «Путиннің кеңесшісі бөсемін деп Кремльдің құпия жоспарын айтып қойды» – Путиннің жеке кеңесшісі, саясаттанушы Сергей Караганов немістің «Шпигель» журналына сұхбат беріпті. Шулы, даулы сұхбат. Путиннің айналасындағы адамдардың басқан ізін аңдып отыратын Украинаның ақпарат құралдары Карагановтың сұхбатын аударып басыпты. Бұған мән бермей-ақ қоюға болар еді, Путиннің кеңесшісі абайсызда Кремльдің жасырын жоспарын айтып қойғаны болмаса...

INFORM.KZ «Биыл Қытай құрамасы сапында үшінші қазақ Олимпиадаға бара жатыр – Әлнұр Төреғұлы, грек-рим күресінің бапкері» – Биыл қытай қазақтарынан үшінші спортшы Олимпиада ойындарына бара жатыр. Бұл туралы грек-рим күресінен ҚХР ұлттық құрамасының балуандарын жаттықтырып жүрген бауырымыз Әлнұр Төреғұлы мәлім етті.

ULT.KZ «Ұлттық», «мемлекеттік», «егемендік» және басқалар» – Үш жүз жылға созылған отарлық билеп-

төстеу процесі ұғымдарды мейлінше шатастырды. Бодан халықтарға қасиетті болып келген түсініктерді отаршылдар түкке тұрғысыз, тіпті, реакциялық деп есептеді. Олар жерімізде ғана емес, санамыз бен рухымызда да төртіп орнатты. Бұл жөнінде көп айтылды да, көп жазылды да. Республикамыз тәуелсіздік алғаннан бері, шатасқан ұғымдарды қалпына келтіру, өзінің түпкі мағынасына қайтып оралту процесі жүріп жатыр. Бұл процесс аса қиын да күрделі жолдардан өтеді. Көп уақытқа созылады.

ABAI.KZ «Айтулы күндерді қалай қарсы алар екенбіз?..» – Биыл жыл соңына қарай екі үлкен дата аталып өтіледі. Бірінен екіншісі туындаған аса маңызды оқиғалардың алғашқысы – мызғымастай көрінген социалистік лагерь елдерінің басты ұйытқысы боп тұрған алып та қуатты кеңес империясының іргесін шайқалтқан қазақ жастарының көтерілісі. Оған алдағы желтоқсанда отыз жыл толады. Келесісі – тоталитарлық жүйенің көбесі сөгілуі нәтижесінде көгеннен босап, азаттықпен қауышқан

елдер қатарында біздің еліміздің де мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізуі. Был жиырма бес жылдығы тойланатын осынау тарихи оқиға қаралы да қастерлі жастар толқуы басталған күннен тура бес жыл өткенде болды. Екеуі де – қазақ тарихының мән-маңызы ерекше, елеулі белестері. Қалай қарсы алар екенбіз?

«Биліктің қазаққа тұңғыш қол көтергеніне – 10 жыл» – 2006 жылдың 14 шілдесі. Қазақ билігі қалаға қоныстанған қазаққа тұңғыш рет қол көтерген күн! Алматының іргесіндегі «Шаңырақ» ықшамауданындағы бос жерге өз еріктерімен қоныс тепкен қазақтың мәселесін шеше алмаған қалалық билік жұдырыққа жүгініп, өз жерінде бейбіт жатқан қазақты жау шапқандай қылып жылы ұясын талқандап, сол бір бас жарылып, қол сынған оқиғаға Арон Атабек бастаған бір топ азаматты кінәлі деп тауып, алдын 18 жылға, соңын 14 жылға соттап жіберген болатын ■



Меніңше...

– Туған жер деген факторды ойлап бас қатырып отырмын. Сөз жоқ, сағынасың! Бірақ нені, кімді? Туған жер топырақ па, ауа ма, су ма, адамдар ма, әлде сағынышты сезім ғана ма?

Бір жазушы ағамыз шекараның арғы бетінде қалып қойған туған жерін аңсайды ғой. Сосын жігіттер шекараның бергі бетінен туған жерін көрсетейік деп алып барады. Ағамыз шекараның арғы бетінде қозыкөш жердегі жұртына қарап

тұрып көзіне жас алып: «Шіркін, ауасын бір жұтсам ғой!» – дейтін көрінеді. Былай қарап тұрсаң, қозыкөш жер 5-7 шақырымдай, сол топырақ, сол ауа. Бірақ бәрібір тура кіндік қаны тамған жердің ауасын аңсатқан сезім. Оны айтамыз, менің қалада тұратын екі досым бірдей туған ауылда үй салып жатыр. Басқа жер емес, тура қара шаңырақтың орнынан. Екеуінің де үйі ауылдың шетінде, орталықтан біраз жер. Сұраймын

ғой:

– Сол ауыл, сол жер, сол ауа, сол су, сол адамдар. Ауылда жер жетеді ғой, орталыққа таяу жерге неге салмайсыңдар?

Жауап біреу-ақ:

– Туған жер!

Ал сөйлес. Сонда туған жер қандай фактор, қандай күш бұл? Бұл – адамды өткенге байлайтын сағынышты сезім бе деймін, ең алдымен ■

Серік ЖАНБОЛАТ,
журналист



Мәссаған!

АТЫ ЖАҢА, ЗАТЫ ЕСКІ

Қарағандыда кескен ағаштай құлап, жермен-жексен болған «Бесобаның» шуы басылды ма дегенде, мемлекеттік бағдарлама бойынша бой көтерген тұрғын үйлердің тағы бірі сыр бере бастады.

Жандарын шүберекке түйген тұрғындар, тіпті, балаларын үйден шығаруға қорқатындарын айтады. Өйткені қолданысқа берілгеніне көп жыл бола қоймаған көпқабатты үйдің сыртқы сылағы түсіп, қабырғалары жарыла бастапты. Тұрғын үйлердің кем-кетіктерімен бес саусағындай таныс әкімдіктегілер олқылықтарды жөндеуге қауқарсыз екендерін

айтуда. Өйткені, сот шешімі бойынша, 2 жыл ішінде тұрғызылған 324 пәтерлі үйді мердігер компания жөндеуі тиіс. Жылдар бойы күтіп, қоныс тойын тойлаған Ы б ы р а й ы м о в т а р отбасының жаңа пәтерге кіргендеріне сегіз жыл болыпты. Бірақ: «Жаңа үйдің сапасы көңілімізден шықпайды», – дейді. Сөздерінше, көпқабатты тұрғын үйдің қабырғалары әлден сөгіліп біткен екен. Жандарын шүберекке түйген отбасы балаларын пәтерлерінен шығармауға тырысады. «Тысқа шықса, сөгіліп тұрған қабырғаның сылағы түсіп, оқыс жағдай бола ма деген үйрей басым», – дейді тұрғын ■

Ләйлім ЫБЫРАЙЫМОВА,
Қарағанды қаласының тұрғыны:

– Мемлекет тарапынан жасалған болса да, осындай кемшіліктер өте көп. Жылда осындай кемшіліктер шығып жатыр. Бұл – ішкі жағдайлары үйдің. Сыртындағы жағдайларды көрсеніздер – жүрек шошитын нәрсе.



Жібек, оқырман:

– Бұл баспаналар 2009 жылы мемлекеттік бағдарлама бойынша берілген. Тұрғындар ай сайынғы ақысын пәтердің көлеміне қарай төлеп тұрады. Бірақ мемлекеттік жобаның шарапатын көремін деген халық шап етекпен шығынға батып жатырмыз деп ашулы. «Жыл сайын жаңбыр мен қар суынан тозып біткен пәтердің төбесін өз қаражатымызға жөндейміз», – дейді олар.

Меруерт ИСАЕВА,
Қарағанды қаласының тұрғыны:

– Қабырғалары сөгіліп, жөндеуді өзіміз жасадық. Жел қатты соқса, сылақтары түсе бастайды. Өте қорқынышты.

Жақсылық ШАЛАБЕКОВ,
Қарағанды қалалық құрылыс бөлімінің басшысы:

– Сот шешімі бойынша, олар жұмысты атқармаса, уақытында бәрін жөнге келтірмесе, арызымыз бойынша жұмыстары мен лицензиясын тоқтату жайында біз сондай арыз-түсініктеме бергенбіз. Бірақ сот жөндеу жұмыстарды жүргізуге шешім берген.



ЭКСПО кезінде террористер Астанада жойқын жарылыстар ұйымдастыруы мүмкін. Кісі шошырлық мәлімдеме жасаған вице-премьер Бақытжан Сағынтаевтың өзі содырлардан сақ болуды ескертті. Сондықтан Ұлттық қауіпсіздік комитеті, полицейлер мен арнайы жасақ қазірден қауіпсіздікті күшейтіп,

ЭКСПО-ДА ЭКСТРЕМИСТЕР ЕСІРМЕСІН

кез келген жағдайға дайындықты дереу бастап кетті. Сондай-ақ келесі жылы халықаралық көрме өтіп жатқанда, елордаға сырттан көлік кіргізілмейді, қару-жарақ сатуға және митингілер өткізуге қатаң тыйым салынбақ.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Астананың ішкі тәртібіне жауапты полицейлер, құтқарушылар мен үкімет мүшелері, қала әкімі Әсет Исекешев бастаған шенеуніктер Бас прокуратураға ағылды. Сөйтсе, жат діннің жетегінде кетіп, лаңкестердің қатарына қосылған Сириядағы отандастарымыздан

елге үлкен қауіп төніп тұр екен. Содырлар тура ЭКСПО кезінде жойқын жарылыс жасауы мүмкін. – Лаңкестік топтардан төнетін қатерді ұмытпауымыз керек. Ақтөбе мен Қарағанды облысында болған қанды оқиға сабақ болуы тиіс. Оның үстіне, біздің азаматтар халықаралық террористік лагерьлерде жаттығып жүр. Санасы уланған олардың жарылыс жасауы әбден ықтимал, – дейді Бақытжан Сағынтаев. Сондықтан көрме өтетін аумаққа террористер кіріп кетпес үшін, шекарадан бастап ■

бақылау күшейтіледі. Қазір өткізу бекеттері, бейнекамералар, тексеру құрылғылары қайта сынақтан өтіп жатыр. Тіпті, Ұлттық қауіпсіздік комитеті көрме нысандарын тұрғызып жатқан құрылысшы, жұмысшы, күзетші сияқты 32 мың адамды тізімге алып, барлық күш құрылымына ортақ ақпараттық база құрмақ. Одан қалды, ЭКСПО кезінде іс-қимылы, сөйлеген сөзі, ым-ишаратына қарап күдіктіні анықтайтын «профайлер» деп аталатын мамандар жұмыс істейді ■



TV

-шоу

«АСТАНА» АРНАСЫ:

Қарағандыда балабақша кезегінде 7 мың бала тұр. Оларды толық қамту үшін әлі 25 балабақша керек. Бүгін бір топ Мәжіліс депутаты Қарағанды өңіріне жұмыс сапарымен барып, «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында салынып жатқан нысандарды аралады. 1200 орынға арналған мектеп пен 320 орындық балабақшаға барды.

«24 KZ» АРНАСЫ:

Анталия-Қарағанды бағытындағы ұшақ бес сағатқа кешігіп келді. Бұл – 16 шілдедегі Стамбұлдағы жағдайдан

кейін әуеге көтерілген алғашқы ұшақтардың бірі. Қарағанды қаласына 209 жолаушыны тасымалдаған түркиялық «Atlas Global» әуе компаниясы рейстің кешігу себебін операциялық жүйеде туындаған техникалық олқылықтармен байланыстырып отыр. Естеріңізге сала кетейік, 15 шілде күні Түркия елінде болған саяси ахуалдардың салдарынан барлық бағыттағы әуе рейстері уақытша тоқтатылған болатын. Кеше кешкі сағат 19.00-ден бастап Түркия мен Қазақстан арасындағы әуе жолдары қайта

жанданды.

«КТК» АРНАСЫ:

Қарағандыда Серік Ахметов ісі бойынша сотталған тағы бір экс-шенеунік мерзімінен бұрын бостандыққа шықты. Қаланың Жер қатынастары бөлімін басқарған Ернар Дәрібеков сот белгілеген екі жыл мерзімнің аяқталуына 2 ай қалғанда түрмеден босатылып отыр.

«ХАБАР» АРНАСЫ:

Үлкен көпірлердің бірі ашылды. Алайда республикалық маңызы бар жолдар жөнделгенімен, ауыларалық қатынас қалпына келтірілмеген.

Айталық, құлаған 14 көпірдің бүгінде тек 10-ы салынып біткен. Қалған 4 көпір апатты жағдайда. Тұрғындар айналма жолмен қатынауға мәжбүр. Бұл – «Қарағанды-Аягөз-Тарбағатай» тасжолы. Күніне осы жолдан мыңдаған көлік өтеді. Өткен жылғы су тасқыны кезінде осындағы қирап қалған көпірдің құрылысы тек бүгін аяқталып, жолаушылар ұзақ күткен жол әйтеуір, ашылды. «Оның сапасы барлық талапқа сай», – дейді мердігер компанияның өкілдері ■

Мәссаған!

ҚАНТТЫ КІМ ЖЕДІ?



Қарағанды облысында өңірдегі қант тапшылығына байланысты антимонополиялық тергеу басталды. Бұл туралы ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы Асхат Жапсарбай мәлім етті.

– Қарағанды облысы нарығында қалыптасқан жағдайға байланысты біздің департамент ірі қант жеткізушілерге қатысты тергеуді бастады. Бұл мәселені, расында, маңызды деп санаймыз. Және бұл қант бағасының шетелде көтерілуімен байланысты емес. Бұл тапшылық қолдан жасалған деп есептейміз. Бұлай деу үшін, әрине, айғақ керек. Сол үшін ірі қант жеткізушілерге қатысты тергеуді бастадық, – дейді А.Жапсарбай.

Естеріңізге сала кетсек, осыған дейін өңірдегі қант тапшылығын жою мақсатында арнайы қордан 150 тонна қант нарыққа шығарылған болатын. Бірақ ол қантқа деген сұранысты толық қанағаттандыра алмай, аз уақыттың ішінде сатылып кеткен. Осыдан соң құзырлы орындар қант тапшылығы мен баға өсуінің астарында қылмыстың ізі бар деген байламға келіп, Монополияға қарсы агенттіктің қызметіне жүгінген болатын. Қазір белгілі болғандай, «Адал-Аслан» ЖШС, «Самади-1», «Ер Ай 2012», «Dias KZ» және «Green Foods» компанияларында бағаны қолдан қымбаттату ісіне байланысты тергеу амалдары жүргізіледі. Департамент басшысының айтуынша, тергеу барысында бұлардың қатарына басқа да компаниялар қосылуы мүмкін ■

Қоғам



ЖӘРМЕҢКЕ ЖӘНЕ ТАЗАЛЫҚ

Қарағандыда ауылшаруашылық жәрмеңкесін өткізу дәстүрге айналғалы да біраз уақыт болып қалды. Жәрмеңкенің елге берер пайдасы мол. Әуелі шаруаның өнімін өткізуіне мүмкіндік береді. Ал қаладағылар азық-түлікті базар бағасынан әлденеше есе арзанға сатып ала алады. Әйтсе де бұл жәрмеңкелердің кемшіліктері де бар. Ол санитарлық талаптың дұрыс сақталмауында.

Қазыбек би ауданының Тұтынушылар құқығын қорғау басқармасының мамандары қала әкімдігінің жанындағы Ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Ырысәлі Сартбаевпен кездесіп, осы мәселенің жайын талқыға салды.

– Ауылшаруашылығы өнімдерін саудалаушы кәсіпкерлердің эпидемиялық ауруларды тарату мүмкіндігі төмен. Ондай қауіп жоқ десек те болады. Әйтсе де олар бізді өздерінің жұмыстарымен толық ақпараттандырып отыруы тиіс. Сол кезде ғана біз лайықты бақылау орната аламыз, – дейді Тұтынушылар құқығын қорғау басқармасының өкілдері.

Олардың жәрмеңкенің жайына алаңдайтын өзіндік себептері бар. Тексеру барысында саудағасалынған сүт өнімдерінің тоңазытқышта сақталмайтыны анықталған. Ал жаздың ыстығында сүт өнімдері тез бұзылып кететіндіктен, тұтынушылардың денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондай-ақ жәрмеңкелерде ет шабатын арнайы орындар жоқ. Ет өнімдері жерге төселген полиэтиленнің үстінде шабылады. Яғни санитарлық талапқа сай емес. Десе де, Ырысәлі Сартбаев алаңдауға еш себеп жоғын алға тартуда. Оның айтуынша, жәрмеңкеге әкелінген өнімдер таңғы сағат 8:00-де саудаға шығарылып, күн қызғанша сатылып кетеді. Яғни олардың бүлініп кету қаупі тым төмен. Бірақ Ауылшаруашылығы бөлімі басшысының бұл уәжі Тұтынушылар құқығын қорғау басқармасының өкілдерін қанағаттандыра алмады. Олар аталған кемшіліктерді тез арада жою бағытында тиісті шаралардың қолға алынуын талап етуде ■

Шырғалаң

КИЛЛЕРДЕН ҚАШҚАН КӘСІПКЕР



Теміртаулық кәсіпкер өзіне құрылған қақпаннан аман қалды. Айдың басында із-түзсіз жоғалып кетті делінген 34 жастағы кәсіпкер Владимир Дашкевич осы уақытқа дейін жалдамалы пәтерде полицейлердің бақылауында бас сауғалаған болып шықты. Ал оны өлтіргісі келгендер құқық қорғаушылар құрған торға түсіп, қылмыстарын мойындауға мәжбүр болды.

Оқиға барысы былайша өрбіген. Шілде айының екінші полицияға теміртаулық азаматтың жалдамалы кісі өлтіруші іздестіріп жатқаны туралы ақпарат келіп түседі. Жедел іздестіру шаралары барысында қылмыскерлердің жоспары анықталады. Осыдан соң Владимир Дашкевичке ескерту жасалып, ол жұмысқа кеттім деген желеумен үйінен шығып, жасырынып қалған. Ал оның туыстары қаланың әр бұрышына хабарландыру іліп, баспасөз арқылы іздеу жариялайды. Ал бұл кезде киллердің рөлін сәтті сомдап шыққан полицей тапсырыс берушімен кездесіп, оны Владимирдің өлгеніне сендіреді. Осылайша 38 жастағы тапсырыс берушіні бұлтартпас дәлелдер арқылы қолға түсіреді. Әзірге оның кәсіпкерді не себептен өлтіруге тырысқаны белгісіз болып отыр. Бұл оның бизнесіне қатысты ма, әлде жеке есептері бар ма, оны тергеу барысында анықтайтын болады ■

Жол апаты

ЖОЛДАҒЫ ЖАҒДАЙ



Қарағанды облыстық ІІД өткен жартыжылдықты қорытындылады. Соңғы алты айдың ішінде облысымызда 316 жол апаты орын алып, 43 адам ажал құшқан және 391 адам жарақат алған. Департаменттегілер бұл көрсеткіштің өткен жылғымен салыстырғанда әлдеқайда төмен екенін айтуда. Десе де, халық саны аз біздің еліміз үшін мұншалықты адамның опат болуы – қайғылы жайт.

Тәртіп сақшыларының хабарлауынша, әрбір екінші жол-көлік оқиғасы жаяу жүргіншілерге қатысты орын алады. Соңғы алты айда облысымызда жаяу жүргіншілерге қатысты 105 жол апаты тіркеліп, 12 адам мерт болған және 99 адам жарақат алған. Мас күйінде жолға шыққан жаяу жүргіншілердің салдарынан бес адам зардап шеккен екі жол апаты орын алған. Ал осы айдың ішінде жаяу жүргіншілер жолында 12 адам көліктің астына түсіп қалған. Оның бесеуі оқиға орнында жан тапсырса, қалған сегізі түрлі жарақат алған.

Полицейлердің хабарлауынша, жаяу жүргіншілердің көлік астына түсіп қалуының бірнеше себебі болуы мүмкін. Көп жағдайда апаттың орын алуына тұрғындардың өздері кінәлі болады екен. Әсіресе рұқсат етілмеген жерлерден және бағдаршамның қызыл түсінен өтіп кетуге тырысқан жандардың көпшілігі ЖКО-ға тап болады ■

ДЕРЕКТЕР ДӘЙЕГІ

Адамның тісіне алғаш атау берген – Гиппократ. Ол – баланың тісі сүттен шығады деп есептеп, сәбидің тістерін «сүт тіс» деп атаған.

Адам атаның аузында 30 тіс болыпты деседі. Сондықтан бір айда отыз күн бар.

Шоколад құрамындағы какао кариестің дамуын тежейді.

Исаак Ньютонның тісі әлемдегі ең қымбат тіс болып саналады. Ол 1816 жылы қазіргі бағамен 3,300 долларға сатылған. Оны бір бай сатып алып, жүзігіне тағып қойған екен.

Жапондардың айтуынша, тісті күніне 3 мәрте тазалау артық салмақтан арылуға септігін тигізеді-міс.

Тіс үшін ең қауіпті спорт – хоккей. Кәсіби хоккейшілердің 68 пайызы ойын кезінде кемі бір-бір тістен айырылған.

Ағзадағы кальцийдің 99 пайызы тісте болады.

Өткен ғасырдың 60 жылдарындағы зерттеу бойынша, тіс щеткасының 3000 түрі ойлап табылған.

Вермонт штатының (АҚШ) заңы бойынша, әйел күйеуінің жазбаша рұқсатынсыз тіс протезін тағып жүре алмайды.

Қытайда «Өз тісіме деген махаббат күні» деп аталатын ұлттық мереке бар. Ол мерекені қытайлықтар 20 қыркүйекте тойлайды.

Род-Айленд (АҚШ) заңы бойынша, дүкендерде тіс щеткаларын сенбі күні сатуға тыйым салынған.

Енді бай-манаптар жайлы қызықты деректерге көшейік. Бірнеше күн бұрын Англияда шығатын бір газет әлем тарихындағы ең бай адамдардың есімін жариялаған. Тарихтағы ең бай адам XIV ғасырдағы Батыс Африка патшасы Манса Муса екен. Оның өз кезіндегі мүлкі бүгінгі кездің өлшемімен есептегенде 400 миллиард доллар болған. XX ғасырдағы ең ауқатты жарна пірі Уоррен Баффетт бұл тізімнің ең соңын еншілеген. Осы ғасырдағы ең ірі бай Билл Гейтс пен Карлос Слим 12 және 22-орынға тіркелген. Тізімде есімі жарияланғандар мал-мүлкінің жалпы құны 4 триллион 317 миллиард доллар шамасында. Бұлардың 14-і – америкалық азамат. Қазірге дейін тек үшеуінің ғана көзі тірі. Олар: Уоррен Баффетт, Билл Гейтс және Карлос Слим. Бұл тізімнің екінші орын иегері – Ротшильдтар әулеті. Байлығының жалпы құны 350 миллиард АҚШ долларына тең. Бұл әулеттің жалпы экономикалық аумағына кен ашу, банк саласы, жеке мүлік басқару, аралас ауылшаруашылық өндірісі, ішімдік және қайырымдылық қоры кіреді екен. Джон Д.Рокфеллер бұл тізімде үшінші орында. Ол өз заманында Америкадағы ең ірі бай болған.

1937 жылы өмірден озғанда мал-мүлкі 340 миллиард АҚШ долларына тең болған. Бұл тізімде Ш о т л а н д и я д а туылған америкалық миллиардер Эндрю Карнеги, Ресей патшасы Николай II, Үнді елін билеген Усман Али Хан, Л и в и я н ы ң а л д ы ң ғ ы билеушісі Муаммар Каддафи, «Форд» автокөлік компаниясын құрушы Генри Форд та бар.

Ал жылқы ше? Ол жайлы қандай деректер бар? Аттың мінер жағы және қамшылар жағы деген – мініп-түсудің дұрыс-бұрыстығын ажырататын айырма. Атқа мінетін, яғни сол жағын «мінер жағы» дейді де, келесі жағын, яғни



теріс жағын «қамшылар жағы» дейді. Алосы мінер жақ пен қамшылар жақтың сыры кейбір деректе адамдардың көбісі оңқай болуына байланысты түсіндіріледі. Ертеде жігіттер қылышын жылдам суыру үшін сол жағына таққан. Сондықтан ердің салақтаған қылышы бар сол жағынан келіп міну ыңғайлырақ. Мұның қазіргі заманда қажеті шамалы болғанымен, адамдар дағды бойынша әлі де сол жақ үзеңгіге алдымен табан тірейді.

«Ат күші» деген өлшем қалай пайда болған? Неліктен «аттың күшін» энергиялық қуаттың бірлігі ретінде алды? Бұл қаншалықты күш-қуат болуы мүмкін?

Бу машинасын ойлап тапқан ағылшындық Джеймс Уатт (1736-1819) алғаш рет осы терминді, яғни «ат күші» ұғымын дүниеге әкелген екен.

Сонымен қатар көпшілікке көп аттың орнын басуға болатын қуат бар екенін дәлелдеуге тура келген. Сондықтан бір аттың бір мезгілде қанша күш-қуат шығара алатынын өлшеп білу

кг жүк таситынын дәлелдеген. Бірақ бұл өлшемге қол жеткізу үшін көптеген аттың күшін сынап, сынақтан өткізгені белгілі. Бұл туралы Халықаралық салмақ өлшемінің XI съезінде дүниежүзілік салмақ өлшемдерінің біріккен СИ (SI) жүйесінде дәлелденді. Бұл жүйе бойынша заттың күшін анықтаушы бірлікті Джеймс Уаттың құрметіне «Ватт» деп атайды. Сондықтан аттың күші дегеніміз ат күшінің өлшемі емес, шыдамдылығының көрсеткіші болады.

Аттың басы. Атты жауынгерлер соғыста өлген аттарды еске алу үшін аттың басын бейнелеп, сапқа тұрған. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде өлген жылқының санын анықтау мүмкін емес. Барынша азайтып айтқанның өзінде, 8 миллион жылқының оққа ұшқаны анық.

Алғашқы пошта маркасы. 1933 жылы шыққан «Казахи» деп аталатын пошта маркасында атқа мінген қазақтар бейнеленген. «Кеңестік халықтар» сериясымен шыққан бұл марканың қазіргі кездегі құны 400-720 рубльге тең. Марка сол кезде 1 тиын болған екен. 0,2 млн данамен жарық көрген пошталық марка бүгінгі күнде табылмайды.

Аустралия аймағынан жылқы сүйегі табылмаған. Бү құрлыққа жылқыны ХҮІІІ ғасырда қоныстанушылар алып келген.

Жылқының тісі – денсаулығы мен жас мөлшерінің көрсеткіші.

Жылқыда бес сезім түйсігі жақсы дамыған, олар: дәм сезу, түйсіну, есту, иіс сезу және көру.

Басқа жануарларға қарағанда жылқының көзі анағұрлым үлкен. Олар бір-біріне тәуелсіз қозғалады және сонысы арқылы айналасын толық бақылай алады.

Әлемде жылқының 160 түрлі тұқымы бар. Бірақ барлығынан да тұқымы таза саналатын араб жылқысы ең құнды болып саналады.

Жылқының иіс сезу қабілеті өте жақсы дамыған. Олар иесінің мас немесе сау екенін ажырата алады және қанның иісін мүлде ұнатпайды.

Жылқы адамның дауыс ырғағына қарай оның көңіл-күйін аңдау қасиетіне ие.

Пони мен кәдімгі жылқының айырмашылығы тұрқында ғана емес, понилер ақылдырақ және қырсық келеді ■

“ «Ат күші» деген өлшем қалай пайда болған? Неліктен «аттың күшін» энергиялық қуаттың бірлігі ретінде алды?



қажеттілігі туындаған.

Ол өзінің көмір шахтасында жасаған тәжірибесіне сүйене отырып, бір аттың қалыпты күші шахтадан 1 метр/секунд уақытта 75


Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ ■ nurlyhan93@mail.ru

ДАУДЫҢ БАСЫ — БАСПАЛДАҚ

Қарағанды қаласының Орталық саябағына кіретін баспалдақта мүгедектер мен қоларбалы аналарға арналған арнайы саты жоқ. Салдарынан балаларымен серуенге шыққан аналар арбасын баспалдақтың сатысымен көтеріп шығуға мәжбүр. Күні кеше осындай жайт түсірілген бейнетаспа Instagram желісінде жарияланып, қала басқармасына кемшілікті жою туралы ұсыныс жасалды.

Серуенге келген ананың арбаны баспалдақпен әрең көтеріп бара жатқанын кейінде келе жатқан адамдар түсіріп алып, әлеуметтік желіге жариялаған. Бұл сатымен күніне ондаған, тіпті, жүздеген адам жүреді. Олардың қатарында баламен келген аналар және таза ауамен тыныстауға шыққан мүгедек жандар жетерлік. Бірақ құрылыс барысында мұндай жандардың жағдайы ескерілмеген. Оларға арнайы саты салынбаған.

Желідегі жазбаға шенеуніктер де назар аударды. Олар құрылыс барысында жоспарланбай қалған сатыларды жасауды қиынсынып отыр. Бірақ алдағы таңда бұл кемшілікті жоюдың жолын іздеуге уәде берді. Ал әлеуметтік желі қолданушылары осы



мәселені көтерген бейнетаспа авторын сын садағына іліп, тырнақ астынан кір іздеді деген айып тағуда.

«Осы адамдар да қызық. Бала арбасын сатыға шығара алмай әуреге түскен анаға көмектесудің орнына оны бейнетаспаға түсіріп, әлеуметтік желіге сүйіншілегендей жазба қалдыруда. Әрі бұл жерде мына келіншектің де ісі адамның күлкісін келтіреді. Бұл – саябақтан шығатын жалғыз жол емес қой. Саябақтың қос бүйірінде жаяу жүргіншіге арналған жолдар бар. Әрі кетсе он метр жүрсе

болғаны. Сатыға шығамын деп әуре болмай, сол жолмен-ақ жүруіне болады ғой. Әрі мүгедек жандарға арналған сатылары бар жерлердің де жағдайы керемет емес. Мәселен, Кеншілер мәдениет сарайына кіреберістегі сатымен сау адамның өзі әзер шығады. Бірақ оған көңіл аударып жүрген адам жоқ. Қаладағы басқа нысандардың жайы осындай. Бастысы, арнайы саты бар. Ал ол пайдаға аса ма, жоқ па?! Ол жағы ешкімді мазаламайды», – деп жазыпты желі қолданушы Ольга есімді тұрғын ■

МӘЖІЛІСМЕНДЕРМЕН МӘНДІ КЕЗДЕСУ

Қарағандыда Мәжіліс депутаттары «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша салынып жатқан әлеуметтік нысандарды аралады.

Мәжіліс депутаттары, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшелері Асқар Базарбаев, Гүлнар Бижанова, Нұрлан Дулатбеков, Арман Қожахметов, Қанат Мусин, сондай-ақ ҚХА депутаттық тобының мүшесі Наринэ Микаелян облысымызға келген сапары барысында аудандарының бірінде «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде салынып жатқан екі нысанның, атап айтқанда, жалпы білім беретін 1200 орындық мектептің және 320 орындық балабақшаның құрылыс алаңында болды.

Мәжіліс депутаттары облыстық мәслихаттың бюджет қаражатының және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың мақсатты әрі тиімді пайдаланылуын бақылау жөніндегі комиссиясымен бірлесіп, құрылыс барысымен және оның сапасымен танысты. Бюджет қаражатының игерілуіне ерекше көңіл бөлінді. Салынып жатқан балабақшаға барған кезде, барлық жұмыстың кестеге сай жүргізіліп жатқаны белгілі болды. Ғимараттың қаңқасын тұрғызу, терезелерін монтаждау, төбесін жабу жұмыстары, сондай-ақ алаң ішіндегі желілер,

еденді бетондау, радиаторларды монтаждау жұмыстары аяқталған. Қазіргі уақытта ғимарат қапталып болған, технологиялық жабдықтар сатылып алынған. Үй-жайдың ішкі әрлеу жұмыстары жалғасып жатыр. Нысанның жалпы дайындығы 85%-ды құрайды. Мектептегі құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалуы жалпы жұмыс көлемінің 65%-ын құрайды. Шілде айында ғимаратты технологиялық жабдықпен жарақтандыру, аумақты абаттандыру және оған асфальт төсеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Мәжіліс депутаттарын нысандардағы барлық жұмыс мерзімінде аяқталады деп сендірді.

«НұрОтан» партиясының парламенттік фракциясы жетекшісінің орынбасары Асқар Базарбаев әлеуметтік нысандарға барған сапарымен бөлісіп:

– Атқарылған жұмыстарды көріп, көңіліміз толды. Қаражат белгіленген мерзімге сәйкес жеткілікті түрде қарқынды игеріліп жатыр, орындалып жатқан жұмыс көлемі жобалар

мен жоспарларға сай келеді. Нысандардың құрылысы мен оларды жарақтандырудағы қазақстандық қамтудың үлесі жоғары, – деді.

Облысымызда «Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту» бағыты бойынша білім беру нысандарын салуға және реконструкциялауға 2016 жылы 2 млрд 483 млн теңге бөлінді. Нақты айтқанда, 496 млн теңге 320 орындық балабақша салуға бөлінсе, 917 млн теңге «Кең дала» шағынауданында 1200 оқушыға арналған жалпы білім беретін мектеп құрылысына бөлінген ■



Жемқорлық – бүгінгі қазақ қоғамының басындағы ауыр дерттің бірі. «Оның алдын алуға бағытталған түрлі шара қолға алынып, күрес жүргізудеміз» деп жаһанға жария қылудамыз. Бірақ нәтиже жоқ. Парақорлар саны жыл өткен сайын өспесе, азатын емес. Жемқорлық дерті жайлаған өңірдің бірі – біздің облыс. Жемқорлыққа қатысты ең көп қылмыс Қарағанды, Балқаш және Жезқазған қалаларында тіркелген. Облыстағы паракорлықтың 60 пайызға жуығы осы қалаларда орын алады екен. Бұл туралы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюроның баспасөз қызметі хабарлап отыр.

ҮКІМЕТ НЕ ДЕЙДІ, ШЕНЕУНІК НЕ ЖЕЙДІ?

Аталмыш үш қала, 2015 жылдың және 2016 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша, көш басына шығарылып отыр. Мамандардың айтуынша, орын алатын қылмыстың көпшілігі пара алу және беру, қызметтік өкілетін асыра пайдалану және бюджет қаражатын талан-таражға салумен байланысты. Соның салдарынан халықтың игілігіне бөлінген қыруар қаржы жергілікті шенеуніктің қалтасын қалыңдатудан әрі аспай отыр. Ал пара бере алмай, қызметке тұра алмай қалған талай білікті маманның жайы не болғаны айтпаса да түсінікті. «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» дегендей, лауазымды қызмет еншілеген кейбір шенеуніктің қалтасында ақшасы көп демесең, қолынан іс келмейді. Мұны күнделікті өмірден де

көріп жүрміз. Ал енді бұл кемшілікті жою үшін қайтпек керек? Қалай күрескен тиімді? Бәлкім, қылмыс үстінде қолға түсіп, абақтыға жабылған жандарды мысалға келтіріп, шенеуніктерге ой салу керек шығар? Бәлкім, сол кезде нәпсісін тежеп, халықтың қазынасына қол салудан тыйылар? Әрине, бұл – жай ғана үміт. Бірақ іске асуы да ықтимал.

Күні кеше облысымызға ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюро төрағасының орынбасары Алик Ішпекбаев келді. Оның қатысуымен Қарағанды облыстық әкімдікте кеңейтілген жиналыс өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңның егжей-тегжейін түсіндіретін баяндама оқылды. Қарағандылық шенеуніктерге жемқор әріптестері туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтүсірген бейнероликтер көрсетілді. Фильмдердің бірінде аймақтағы жемқорлық фактісімен ұсталғандардың,

құлы болып қылмысқа барған, артынша сотталып, абақтыда жазасын өтеп жатқан қарағандылық экс-шенеуніктер сөз сөйледі. Бұрынғы әріптестерін өздерінің қателігін қайталамауға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерге бармауға шақырды. Түсінген жанға сабақ боларлық-ақ дүние. Бірақ басқа түспей, төубеге келмейтін халықпыз ғой. Шенеуніктер осы фильмдегі оқиға мен оқылған баяндамадан қорытынды шығарса игі. Айтылған сөз сол кабинетте қалып қойса, қиыны сол болмақ. Себебі олар осыған дейінгі оқиғалардан да еш сабақ алмаған. Мұны Алик Ішпекбаев растады. Оның айтуынша, экс-премьер Серік Ахметовтің және Қарағанды облысының бұрынғы жоғары лауазымды шенеуніктерінің даулы істері ешкімге сабақ болмаған. Аймақтағы мемлекеттік қызметкерлердің бір бөлігі өздерінің лас тірліктерін жалғастыра берген.

“

Жемқорлыққа қатысты ең көп қылмыс Қарағанды, Балқаш және Жезқазған қалаларында тіркелген. Облыстағы паракорлықтың 60 пайызға жуығы осы қалаларда орын алады екен.

айыпталғандардың аты-жөні айтылды. Кадр сыртындағы мәтінде мемлекеттік сатып алулар мен жер қатынастары салаларының жемқорлыққа батқаны айтылды. Сондай-ақ ішкі істер органдары да жемқорлықтан ада емес екен. Мәселен, 2014-2016 жылдары қызметін асыра пайдалану мен жемқорлыққа қатысты 143 қылмыс тіркеліп, 59 қызметкер қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Қылмыстық істердің көпшілігі пара алуға байланысты болған. Фильм соңында нәпсілерінің

Алик Ішпекбаев өңірде кез келген сыбайлас жемқорлық әрекетке мүлде төзбейтін, дер кезінде тиісті шара қолданатын дәстүр қалыптастыру қажетіне тоқталды.

Егер қандайда бір жемқорлық әрекетке куә болсаңыз, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталықтың сенім телефонына (1424) қоңырау шалып, хабарлауыңызға болады. Егер барлық адам осылай әрекет етсе, бұл дертті жеңеріміз анық ■



СУИЦИДТІҢ СЫРЫ



Жалпы, адамның асылып қалуының себебін ешкім деп басып айта алмайтын сияқты. Бәзбіреулер «бақилық болған ата-әжелер өздерінің жақсы көрген ұрпағын о дүниеге алып кетеді екен» десе, енді біреулер «бұл – жын-шайтанның ісі» деседі. Ал дәстүрлі медицина «адамның жүйке жүйесінде белгілі бір ауытқушылықтардың болуынан» дейді. Алайда олар нақты қандай ауытқушылық екенін айта алмайды. Меніңше, адамның асылуына қандай да бір тылсым күш әсер ететін сияқты.

Өткенде пойызда келе жатқанымызда, адамдардың өз-өзіне қол жұмсауы жайлы әңгіме өрбіді. Сол кезде қасымыздағы жолаушылардың бірі Атырау облысының Дамба деген ауылында жиыны бірнеше күн ішінде жеті адамның асылып қалғаны туралы әңгімені айтып берген еді.

Оқиға былай болған екен. Қайбір жылы Атырау облысының Дамба деп аталатын ауылында араға күн салып жеті адам асылып қалыпты. Бес адам қайтыс болған. Екі адамды туыстары дер кезінде көріп, ажал құрығынан аман алып қалыпты. Тағы екі адам ақыл-есінен адасқан көрінеді. Ауыл адамдарының арасында «кешке далаға жалғыз шыққан адамды қандай да бір тылсым күш асылуға итермелейді екен» деген қауесет тарапты. Мұндай қауесетті естіген ауыл адамдарын қатты үрей билесе керек, кеш болысымен отбасы мүшелері далаға жалғыз шықпайтын халге жетіпті. Тіпті, туысқандар бір-бірін сырттай бақылап, қора-қопсыға бірінің артынан бірі кіріп, тіркесіп жүретін жағдайға дейін барыпты. Адамдар кешке той-томалаққа да баруды қойған екен. Ауыл жұртының арасындағы үрейді сейілту мақсатымен ауыл әкімі ақсақалдармен кеңесіп, облыстағы орталық мешіттен арнайы имам шақыртышты. Бүкіл ауыл болып жиналып, құрбандыққа мал шалып, құдайы ас беріпті. Содан кейін асылу оқиғалары тоқтапты.

Жолаушы серігімнің айтуынша, өз-өзіне қол жұмсағандардың жас шамасы 18 бен 40 жас арасында болған. Бөрінің де отбасылық жағдайлары жақсы. Ешқайсысы да бұрын-сонды жүйке ауруымен ауырмаған. Сол кезеңде отбасыларында ұрыс-керіс те болмаған. Сонда айдың, күннің аманында, төрт құбыласы тең жандардың өз-өзіне қол жұмсауына не себеп болды? Туған-туыстары дер кезінде көріп, ажалдан аман қалған екі кісіден: «Неге ондай әрекетке бардыңыздар?» – деп сұрағанда, олар өздерін ақ киімге оранған ақ сақалды кісінің қолдарына арқан ұстатып, қораға ертіп апарып, асылуға итермелегенін айтыпты. Одан әрі қалай болғанын өздері де білмейді екен. Қазіргі уақытта олардың екеуінің де есі дұрыс, тіршіліктерін жасап жүрген көрінеді.

Осы бір оқиғаны есіткен соң дәрігерлердің «адамдардың өз-өзіне қол жұмсауы – жүйкеде пайда болған ауытқудың салдары» деген тұжырымына күмәнмен қарай бастадым (бұрын өзім де солай ойлайтынмын). Егер аман қалған екі кісі, шынымен де, жүйке ауыруына шалдыққан болса, олар тағы да өз-өзіне қол жұмсамас па еді? Олардың көзіне көрініп, қолына арқан ұстатып, «асыл» деп жүрген ақ киімді ақсақал кім? Бұл жағдай Жер-Ананың қаһарынан да болуы мүмкін бе?

Осы сауалдарды өз-өзіме қойып, жауап таба алмадым. Бір білерім – адам санасына бағынбайтын бір тылсым күштің бары рас-ау. Әйтпесе он екіде бір гүлі ашылмаған жас баланың да, ақыл-есін тоқтатқан, орта жастағы азаматтардың да өз-өзіне қол жұмсауының сыры неде? Егер бұл тылсым күш болмаса, оған қандай да бір түсінік табылар еді ғой.

Осы оқиға жайлы жазар алдында адамдардың өз-өзіне қол жұмсауына қатысты біраз мағлұматты ақтардым. Мына бір статистикалық мәліметті көргенде таң қалдым. Рас болса, әлемде сағат сайын бір адам өз-өзіне қол жұмсайды екен ■

Медет МҰҚАНОВ

Дүние тылсым құпияға толы. Біз өмір сүретін Жердің құпиясы сырын әлі ішіне бүгіп жатыр. Ал Жер шарының қалған екі бөлігін алып жатқан судың қойнына тыққан сыры біз ойлағаннан да көп болуы мүмкін. Аңыздардан судан шыққан алып құбыжықтар жайлы, кемелерді құрдымға кетіретін жойқын күшті су жануарлары жайлы көп естіген боларсыз. Мұхиттардың түбін жайлаған тіршілік иелерін толық зерттеп болмаған ғалымдар әлі күнге сол саланың соңында жүр. Кей ғалым мұхит түбінен көне өркениет іздерін, суасты пирамидаларын тапқан. Десек те, олардың мүмкіндіктері шектеулі. Мысалы, зерттеушілер әлі күнге Бермуд ұштағанының сыры мен Атлантиданың орнын таба алмай жүр. Олар сонымен бірге ескі аңыздарда аты жиі аталатын су құбыжықтарының бар-жоғын да анықтай алмай отыр.

Сонау 1700-1800 жылдар аралығында мұхитта себепсіз жоғалып отырған кемелер күйреуінің сыры ашылды. Мұхиттардың құпиясын іздеген мамандар күн сайын жаңа жетістіктерге қол жеткізуде. Олардың заманауи зерттеу құралдарына ірілі-ұсақты түрлі жануардың сұлбасы түсіп жатады. Олардың ешкімге түсініксіз суреттерін көрген адам ежелгі аңыздардың шындығына біршама сенгендей болады. Сондай-ақ кейде теңіз жағалауына адам естіп білмеген, өмірінде көрмеген жануарлардың қаңқасы мен денесінің шығып қалатыны да өтірік емес. Осындай ерекшеліктерді ескерген зерттеушілер суда әлі де толық зерттеліп болмаған тіршілік иелері бар деген ойда. Мысалы, Жердің ең терең нүктесі саналатын Мариан шұңғымасы әлі де толық зерттеліп болған жоқ. Бұл шұңғыманың түбіне 2012 жылға дейін ешбір елдің ғалымдары жетіп көрмеген. Ал 2012 жылы режиссер Джеймс Кэмерон оның түбіне бір кісіге шақталған «Челенджер» атты суасты кемесінің арқасында жеткен болатын. «Титаник»



Әңгімемізге арқау болып отырған кемпірқосақты эвкалипттің ерекшелігі діңіндегі түстердің әрдайым ауысып тұратындығында. Бұл бояу ағаш қыртысының қабыршақтану әсерінен өзгеріп тұрады. Яғни әрбір қабық түзілген сайын, түс те алмасады.

Бұл құбылыс ағаштың жасына байланысты. Басында ашық жасыл,

МАРИАН ШҰҢҒЫМАСЫ



фильмінің режиссері бұл сапарында талай ғасыр бойы ғалымдарымыз қол жеткізе алмай жүрген деректерге қаныққан. Өзімен бірге ала кеткен 3D форматындағы камерасымен ол тұрпаты адамзатқа беймәлім су жануарларын түсіріп үлгеріпті. Бұл ғалымдардың «су тереңдігі 6000 метрден асқан соң, қысымы жоғары, температурасы 0 градусқа дейін жететін ортада ешбір тіршілік иесі өмір сүре алмайды» деген тұжырымын жоққа шығарды. Ал оған дейінгі зерттеушілердің құрылғылары беймәлім жануарлардың сұлбасын түсіріп, су түбінен түрлі дыбыстарды жазған. Америка ғалымдары бір жылдары шұңқырға «Кірпі» деп аталатын құрылғысын түсіріп, оның камерасына түскен бірнеше басты айдаһарға ұқсайтын жануарды байқап қалған. Құрылғыны су бетіне қайта шығарғанда мамандар зерттеу аппаратының еш себепсіз майысқанын жөне оны кемемен байланыстырып тұрған тростың мүжілгенін байқаған. Шұңғыманың «иелері» дәл осылайша неміс ғалымдарының да үрейін алыпты. Германия зертеушілері «Хайфиш» зерттеу құрылғысын 7 шақырым тереңдікке дейін түсірген. Алайда сол деңгейге жеткенде не төмен түспей, не жоғары көтерілмей қойған «Хайфиш» мамандарды біраз әбігерге салған. Неміс ғалымдары да сол аралықта өздерінің құрылғысына ұмтылған алып жануардың сұлбасын камерадан анық көрген. Міне, осындай таңғажайыптары көп шұңғымға тереңдігінің арқасында адамзаттың қызығушылығын тудыратын, әлі сыры ашылып болмаған ең құпиялы нүкте болып қала бермек. Мүмкін, онда, расында да, неше түрлі айдаһар мен құбыжықтар бар шығар...

Сабина ЗӘКІРЖАНҚЫЗЫ

КЕМПІРҚОСАҚ АҒАШ

кейіннен қара жасыл болады. Уақыт өте келе көгілдір, қызыл күрең, алқызыл, сарғыш түске енеді.

Қазір қызыл қоңыр түсті «киімдегі» эвкалипттің ұзындығы 75 сантиметр, ал діңгегінің диаметрі 2,4 метр. Бұл ағаштың қарапайым әрі табиғи түрлері Жаңа Британияда, Жаңа Гвинеяда, Серам, Сулавеси, Минданао сынды аралдарда өседі. Сондай-ақ бұл – эвкалипттің бірегей түрі саналады және тек қана Солтүстік жарты шарда өседі. Бұл ағашты жерсіндіру жұмыстары XX ғасырдың орта тұсында басталған. Бүгінде тропикалық белдеулерде өседі, кейде субтропиктік белдеулерде декоративті өсімдік ретінде бағаланады ■

Әйгерім СМАТУЛЛАЕВА

Дау

СЕДОВ ТА СЕЗІКТІЛЕР ҚАТАРЫНДА



Қазақстандағы допинг дауы әлі де өршіп тұр. Осыдан біраз уақыт бұрын зілтемір көтеруден екі дүркін Олимпиада чемпионы болған Илья Ильинге және басқа да бірқатар спортшыға допинг қолданды деген айып тағылған еді. Басқаны айтпағанда, сары қазақтың бірі атанған Ильяның жайы елге ауыр тигені анық. Ал бақталастары оны табалап, мерейлері тасып қалды. Солардың бірі – Владимир Седов. Бірақ оның өзі сау сиырдың тезегі болмай шықты...

Осыған дейін допинг қолданғаны үшін Илья Ильинді халықтың алдында айыптап келген Владимир Седовтың өзі допинг қолданған екен. Оның 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасында тапсырған допинг-сынамасы оң нәтиже көрсетіп, оның станозолол қабылдағаны расталды. Бұл – «А» сынамасының нәтижесі. «Б» сынамасының қорытындысы келесі аптада белгілі болады.

Осылайша, Седов спорттық мансабында екінші рет допинг дауына ұшырады. Бұдан бұрын ол 2006 жылдан 2008 жылға дейін допинг қолданғаны үшін спорттан шеттетілген болатын.

Ал Седовтың өзі: – Бұған сену де, сенбеу де өз еркіңізде. Бұдан бұрын да мен допинг қабылдамағанымды айтқан болатынмын. Мен бұл шешіммен келіспеймін. Ешқашан допинг қолданған емеспін және әділетті түрде жеңіске жетіп, жеңіліп жүрмін, – деп ақталуда. «Күлме досқа, келер басқа» дегеннің кері келді деген осы болса керек.

Айта кетерлігі – осыған дейін допинг қолданды деген айып тағылған екі спортшы Ирина Некрасова мен Мария Грабовецкая Бейжің Олимпиадасында алған күміс және қола медальдарын қайтарады. Ал Олимпиада чемпиондары Илья Ильин, Майя Манеза, Зүлфия Чиншанло, Светлана Подобедовалар өздерінің жеңіске әділ жолмен жеткенін дәлелдеу үстінде ■

Билік

КӨРГЕНСІЗГЕ КӨШЕ ЖОҚ

Ресейлік саясаткер Владимир Жириновскийдің Қазақстаннан көше атауын сұрауы қазақ қоғамының ашуын туғызды. «Дала мен қала» порталына берген сұхбатында ол тек көше ғана емес, Алматыдағы өзі оқыған №25 орта мектепті Жириновский атына ауыстырып, өзі тұрған үйден мұражай жасауды ұсынған болатын.

– Ресейліктер Қазақстанға құрметпен қарайды. Оның арасында мен де бармын. Қазақстан – менің шағын Отаным. Алматыдағы Масанчи

көшесіне менің атымды берсе, қарсы емеспін. №25 мектепке де менің атымды беріп, мен тұрған үйді мұражайға айналдырса, тіпті керемет болар еді... Есесіне болашақта сіздерге туристер келетін болады. Бұл сіздерге тиімді, – деді Владимир Жириновский қазақ тілшілеріне берген сұхбатында.

Орыстың мылжың шалы айтқан ұсыныс әлеуметтік желіде дауға айналып, жұрттың наразылығын туғызды. Қазақстандықтар (өзге ұлт өкілдері де) орыс шалының бұл ұсынысына қарсылық көрсетіп, оның елімізге еш



еңбегі сіңбегенін, сондықтан көше атауын беру былай тұрсын, Жириновскийді Қазақстанға жолатпау керегін айтуда. Ал енді бір бөлігі оның атын көшеге емес, қоғамдық дәретханалардың біріне беруді ұсынуда. Тіпті, бейресми түрде жүзеге асырушылар да кездесіп жатты ■

Көмек



Моңғолияның қазақтар шоғырланған Бай Өлке аймағында табиғи апат орын алып, сел жүріп өтті. Апат салдарынан Баян-Өлгей қаласында 100-ден аса үй қирап, 700-дей адам баспанасыз қалды. Шетелдегі қандастардың ауыр халі біздің елді де бейжай

МОҢҒОЛИЯҒА КӨМЕК

қалдырмасы анық. Қазақстан селдің зардаптарын жою үшін Моңғолияға 200 мың АҚШ доллары көлемінде гуманитарлық көмек беретін болды.

Бұл туралы Кәрім Мәсімов Улан-Баторда Моңғолия премьері Жаргалтулг Эрденебатпен кездесуі барысында мәлімдеді. Ол Баян-Өлгейдегі селден зардап шеккен отбасыларға гуманитарлық көмек көрсететінін және мұны Президент Нұрсұлтан

Назарбаев тапсырғанын хабарлады. Сондай-ақ кездесу барысында Мәсімов пен Эрденебат екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынас, сауда-саттық саласындағы ынтымақтастықты дамыту жайын талқылады. Мәсімов Моңғолияға Еуропа және Азия елдері саммитіне қатысу үшін барған болатын. Жолай халқының сексен пайызын этникалық қазақтар құрайтын Баян-Өлгей аймағына соғып, жергілікті қазақтардардан ат мініп, шапан киіп қайтты ■

Мәссаған!

АЛАТАУ АЗА ТҮТҚАН КҮН

Елімізде террорлық қауіптің сары деңгейі тағы да отыз күнге созылды. Әуелде басты себеп Ницца мен Түркиядағы бүлік делінген болатын. Ал енді оның қатарына Алматыда орын алған қанды қырғын қосылды. Қолына қару алған жалғыз содыр бірнеше полицейді жаралап, үш адамды өлтірген, дүйім жұртты әбігерге салған. Содырдың серігі деп күдікке ілініп, іздеу салынған екінші адам бұл істе тек кепілге алынған жәбірленуші ғана болып шықты. Мұны Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов мәлімдеді.

– Қылмыскер көшеге жүгіріп шығып көлік тоқтатып, сол көлікке отырған. Оның сыбайласы деп санаған екінші адамды Байзақов көшесіне



баруға қорқытып мәжбүрлеген. Жолда келе жатып шақыртумен бара жатқан патрульдік көліктерге бірнеше рет оқ атқан. ҰҚК ғимаратына келіп жеткен бойда көліктен түсіп, тағы бір патрульдік көлікке оқ жаудырған. Қызметкерлердің екеуі сол жерде жарақат алды. Жүргізуші осы сәтті пайдаланып қашып шыққан. Біз оны қазір таптық, – деді Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов.

ІІМ басшысы сондай-ақ ұсталған қылмыскердің бір күн бұрын Өзбекстан азаматы болып келетін әйел адамды өлтіріп кеткенін мәлім етті. ҰҚК төрағасының ақпараты

бойынша, қылмыскер бұған дейін екі рет сотталған.

– Үйленген, бүгінде Алматы облысының Ынтымақ ауылында тұрған. Ұялы телефон саудасымен айналысқан. 2010 жылдың 27 тамызында Шымкент қаласының Еңбекші аудандық соты «күш қолдану арқылы тонау» 178/2-бабы бойынша соттаған. 2012 жылдың 8 мамырында Қызылорда соты «заңсыз қару сатып алу және оны сақтау» 251-бабы бойынша соттаған. Колонияда салафиттермен байланысқан. Қазір ол жағын анықтаумен айналысып жатырмыз, – деді ҰҚК төрағасы Владимир Жұмақанов ■

ДОДА

БИЫЛ ЗІЛТЕМІР ЕКІ ЕСЕ АУЫР

Астана және Текелі қаласында Олимпиада ойындарының алдында Қазақстан ауыр атлетика құрамасының соңғы іріктеу сайысы өтті. Нәтижесінде ауыр атлетикадан Риоға баратын спортшыларымыздың есімдері белгілі болды.

Сонымен, Олимпиада ойындарына мына ауыр атлеттер қатысады:

Маргарита Елисеева (48 келіге дейін), Арли Чонтей (56 келіге дейін), Фархат Харки (62 келіге дейін), Карина Горичева (63 келіге дейін), Жазира Жаппарқұл (69 келіге дейін), Нияз Рахимов (77 келіге дейін), Денис Уланов (84 келіге дейін), Александр Зайчиков (105 келіге дейін).

Өкінішке қарай, бұл тізімде Лондонда топ жарған төрт чемпионымыздың есімдері жоқ. Оларды допинг дауына байланысты жақында Халықаралық ауыр атлетика федерациясы

спорттан уақытша шектеген болатын. Сондай-ақ Олимпиада ойындарында допинг қолданғаны үшін Қазақстанның екі лицензиясын алып қойған еді.

Сондықтан Риоға 8 спортшымыз ғана барады. Естеріңізге сала кетейік, осыдан біраз күн бұрын Ұлттық олимпиадалық комитет зілтемірші Владимир Седовқа Олимпиада ойындарына қатысу үшін мүмкіндік берген болатын. Алайда ол: «Бас бапкер допинг дауынан кейін не істерін білмей қалды. Енді маған мүмкіндік беріп, бағынды сынап көр дейді. Спортшы үшін бұдан асқан қандай мазақ керек?! Мен Алексей Нидің сөзіне сенуден қалдым. Алдағы уақытта бір жарысқа қатыссам деп жоспарлап отырмын. Содан кейін спортпен қоштасып, мансабымды аяқтаймын», – деп Риоға бармайтынын мәлім еткен болатын.

Енді жоғарыда аты аталған 8 спортшыдан үміт күтетін боламыз ■

ЕШКІМ БІЛМЕЙТІН БАЙ КЛУБ

Әлемдегі ең қымбат спорттық 10 клубтың рейтингі жарияланды. Әйгілі «Forbes» журналының сараптамасы бойынша, көш басына америкалық «Даллас Ковбойс» клубы шықты.

Үш жыл қатарынан әлемдегі ең қымбат клуб атанып келген Мадридтің «Реал» футбол клубы екінші орынға сырғыды. Көш басына шыққан америкалық футбол клубының жалпы құны 4 миллиард долларға бағаланып отыр. «Корольдік клубтың» құны 3,65 миллиардты құраса, үштікті каталондық «Барселона» қорытындылаған. «Блаугрананың» жалпы құны 3,55 миллиард долларға бағаланған ■

КИНО ӘЛЕМІ

ТАМЫЗ АЙЫНДА ЖАРЫҚ КӨРЕТІН ФИЛЬМДЕР

Келер айдың кино әлеміндегі жаңалығы да дайын. Басым көпшілігі балаларға арналған, яғни мультфильм көп.

«АЙДАҒАР ҚАЙДА?»

Дженет есімді кішкентай қыз тылсым әлемге еніп, сан түрлі қорқынышты оқиғаларды бастан кешеді. Бұл әлемде тек жыл атауларына ие болған аңдар өмір сүреді. Оларға қауіп төніп тұр. Себебі зұлым күш өмірлігін жүргізгісі келеді. Дженет өзінің жаңа достарымен, яғни жұлдыз белгілеріндегі жануарлармен тылсым әлемді жауыздықтан құтқармақшы. Олардың өлі жетер ме екен?

«ЗҰЛЫМДАР ЖАСАҒЫ»

Арнайы жасақтың Аманда есімді қызметкері әлемдегі жауыз қаһармандарды жинап, оларға жаңа тәрбие береді. Олар әлемге қауіп төндірмейді, керісінше, өзге зұлым күш иелерінен қорғайды. Бірақ пендешілікке салынып, өткен өміріне қайта оралулары мүмкін қатігездер бостандықта қалай өмір сүреді?

«ПИТ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЙДАҒАРЫ»

Пит есімді баланы өзге адамдар асырап алған. Сол күннен бастап оның өмірі қорлықпен өтеді. Бірақ балалық шақтың бал дәмін сезіну үшін үйден қашып кетеді. Ну орманды паналап жүргенде адамдардан да мейірімді айдаһарға кезігеді. Бір қызығы, ол көпке көріне бермейді екен.

«ТАҒАМДАР ТӨҢКЕРІСІ»

Дүкен сөрелеріндегі тағамдар адам қолына тигенді асыға күтеді. Олардың пайда болудағы мақсаты – қолданысқа жарауы. Сатып алушының өзін таңдағанына кей тағамдар қуанады екен. Бірақ соңы не боларын аңдамайды ■



Қазақ киносы дегенде, әуелі «Қыз Жібек», «Менің атым – Қожа», «Атаманның ақыры» секілді фильмдердің еске түсуі – заңдылық. Өйткені қазақ киносының маржанына айналған бұл туындылар ұзақ жыл бойы көпшілік ықыласына бөленіп келеді. Алайда, неге екені белгісіз, көрермен біздің кино жайлы айналасы 10 фильммен шектеліп жатады. Оған себеп эфирден өзге фильмдердің көп көрсетілмеуінде болса керек. Назарларыңызға халық арасында аса танылмаса да айтары көп, көрген жанның көңілінен шығатын «Қазақфильм» киностудиясы түсірген бес туындының сипаттамасын ұсынамыз.

«Тел өскен ұл». Шәріп Бейсембаевтың бұл туындысы 1977 жылы түсірілген. Фильм Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде анасынан адасып, қазақ отбасынан пана тапқан Сергейдің оқиғасын баяндайды. Жайбарақат өмір кешіп, 37 жыл бойы қазақ жерінде өмір сүрген ол туған анасы Евдокия өзін іздеп келеді деп ойламаған еді. Ал онымен бірге жыраққа кету – қазақы ортаға әбден сіңісіп кеткен жігіт ағасының жоспарында мүлде жоқ болатын. Алайда Сергейді ұлындай бағып-қағып өсірген Рәбиға апа оған туған жеріне қайтып, өзін тоғыз ай құрсағында көтерген анасының жанында болуды тапсырады. Жанына інісі Сапарды ертіп алған Сергей туған өлкесіне барғанда түрлі кедергілерге кезігеді.

«Қан мен тер». Өзірбайжан Мәмбетовтің 1978 жылы түсірген екі бөлімді туындысы. Фильм XX ғасырдың алғашқы жартысында болған оқиғаларды кейіпкерлердің тағдыры арқылы баян етеді. Төңкерістік дәуірдің дүмпуі, сілкіне де бұлқына бастаған Арал өңірі, таптық күреске аттанған қазақ халқы – осының бәрі туындыда көрініс табады.

«Қауын». Виктор Пусурмановтың бұл туындысы

1982 жылы Ғабит Мүсіреповтің «Қауын» әңгімесінің желісі бойынша түсірілген. Бас кейіпкер Болат өзінің адамгершілігі арқасында көпшіліктің құрметіне ие болған жандар қатарында. Алайда айналасындағының бәріне көмектесемін деп үнемі қызықты хикаялардың бас кейіпкері атанып жүреді. Сондай хикаялардың бірі Болат пойызда келе жатқанда орын алады. Кезекті бекеттердің бірінде купеде қатар отырған бойжеткенге қауын сатып алып беруді ойлаған ол пойызға мініп үлгермейді. Бөтен елде ақшасыз, құжатсыз қалса да, басқаларға қол ұшын созуды тоқтатпаған Болат қолындағы қауынын тастамастан қызыққа толы түрлі оқиғаға тап болады.

«Өтелмеген парыз». Серік Жармұхамедовтің 1983 жылы түсірген бұл туындысы ұлынан айырылған Қожабек қарияның хикаясын баяндайды. Жалғыз Сұлтан көлік апатынан қаза тапқаннан кейін, ұрпағын жалғастырап тұяғы қалмаған қария өмірден қатты түңіледі. Алайда қаладан келген әңгіме Сұлтанның артында некесіз бір ұлы барын жеткізеді. Оқиғаның мән-жайын анықтау үшін алып шаһарға аттанған Қожабек ата немересін іздеп табады. Бірақ кездесуге дейін ұлы туралы естігені мен қалада жүріп көргені қарияның жанын қатты жаралайды.

«Шаңырақ». Едіге Болысбаевтың 1987 жылы махаббат пен сатқындық хикаясы туралы түсірген фильмі. Оқиға қарапайым қазақ ауылында басталады. Бас кейіпкер Ерлан, сүйіктісі Майраның ата-анасы қалыңмал құнын асқақтатып жібергендіктен, оны алып қашуды ұйғарады. Ғашықтар өзара келісіп, достарының көмегімен бұл ойларын жүзеге асырады. Алайда араға қыздың Ерланды бұрыннан жақтырмай жүрген нағашысы түсіп, жағдайды ушықтырады. Сүйіктісінің сатқындығынан кейін түрмеге түскен жігіт ауылға мүлде басқа адам болып оралады ■

КИНО

АРЫСТАНБЕК АЙЫПТЫ МА?

Газетіміздің өткен санында танымал режиссер Талғат Жәнібековтің еліміздің Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлына пара сұрады деп айып таққанын хабарлаған болатынбыз. Бұл іске енді заңгерлер мен лингвистер араласып, даудың ақ-қарасын айыруға кірісті. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет істері департаментінің директоры Ақтоты Райымқұлова мәлім етті.

– Талғат Жәнібековтен министрдің пара алғаны немесе сұрағаны жайлы қазір ештеңе айта алмаймыз. Лингвистер мен заңгерлер тексеру жүргізуде. Сараптаманың қорытындысынан кейін ғана мәселеге қатысты ресми мәлімдеме жасай аламыз. Ал фильмнің тоқтап тұру себебіне келер болсақ, министрлік бұл мәселемен айналыспайды. Ол – «Қазақфильм» АҚ-ның жұмысы, – дейді Ақтоты Райымқұлова.

Департамент директоры, министр өзгелер секілді Қазақстан Республикасының азаматы және заң



алдында дәл осындай құқықтар мен міндеттерге ие екенін атап өтті. Естеріңізге сала кетейік, Талғат Жәнібеков, 2015 жылы Арыстанбек Мұхамедиұлы министр қызметіне кіріскен соң, Мәдениет және спорт министрлігі «Феникс» фильмінің түсірілімін заңсыз тоқтатып тастады деп кінәлаған болатын. Министрдің пара сұрағанын мәлімдеді ■

КӘСІПКЕР

КОМПЬЮТЕРІ ЖОҚ КӘСІПКЕР



Бір адам әлдебір үлкен компанияға аула сыпырушы болып жұмысқа орналаспақ болады. Кадр бөлімінде оған түрлі сұрақ қойылып, арнайы тест бағдарламасынан өткеннен кейін оған:

– Құттықтаймыз! Жұмысқа қабылдандыңыз. Жұмыс кестесін жіберу үшін e-mail мекенжайыңызды қалдырыңыз, – депті.

– Негізі, менің e-mail түгіл, компьютерім де жоқ еді, – дейді әлгі адам.

– Ендеше сізді жұмысқа ала алмаймыз. Біздің қызметкерлердің барлығы жылдам байланыс пен топтық жұмыс үшін e-mail қолданады. Бұл – компаниямыздың басты талаптарының бірі, – деп жөнімен кетіпті.

Жұмысқа кірмей жатып шығып қалған адам тезірек компьютерге ақша жинауды ойлайды. Осылайша ол бір фермерден қалтасындағы 30 долларға 10 кг алма сатып алып, көшеге шығып сатады. Дәмді әрі пайдалы, экологиялық таза өнімнің саудасынан ол бір-екі сағаттың ішінде ақшасын екі есе өсіреді. Ал небәрі 6 сағаттан кейін

оның қаржысы 300 долларға жетеді. Он есе пайда көрген жігіт «ешкімнің қоластында жұмыс істемей де күн көруге болады екен-ау» деген ойға келеді.

Арада біраз уақыт өтіп, алма сатумен көлік алады, кішігірім дүңгіршек ашып, кейін ол үлкен дүкенге айналады. Ал тағы 5 жылдан кейін алма сатушы ол дүкенін супермаркеттер желісіне дейін көтереді. Сонымен, ол бизнесін сақтандыру үшін арнайы компанияға барады. Ол жердегілер тиімді ұсыныстар жайында хабарлама жіберу үшін алма сатушының e-mail мекенжайын сұрайды. Ал ол біраз жыл бұрынғы жауабын айтады, яғни: «Менде e-mail түгіл, компьютер де жоқ», – деп жауап береді. Табысты кәсіпкердің мұндай жауабына таңғалған менеджер:

– Егер компьютеріңіз болса, сіз қандай табысқа жетер едіңіз? – дейді таңдайын қағып. Сонда әлгі адам:

– Мен бір компанияның аула сыпырушысы болар едім, – депті.

Алдымыздан бір есік жабылғанымен, ашық тұрған басқа он есіктің барын ұмытпаңыз және соған ұмтылыңыз! ■

ҚАЗАҚСТАН ШЕТЕЛДІКТІҢ КӨЗІМЕН

ФОТОБАЯН



Соңғы кездері Қазақстанға шетелдің «National Geographic» сияқты түрлі басылымдарының фотографтары келіп жатыр. Олар елді аралап, шалғайдағы жерлерді көріп қайтады. Солардың бірі – Эндрю Макконелл. Ол Ирландиядан келген екен.

Фотографтың суреттері «Panos Pictures», «The Guardian» агенттіктерінде жарияланып тұрады. Эндрю мұнда Қазақстанның кең даласы мен оның тұрғындары туралы жоба жасау үшін келіпті.

– Фотографтар барлық нәрсеге қызығушылық танытады, бірақ Қазақстан олар үшін ұзақ уақыт бойы жұмбақ болып келді. Менің әріптестерім Қазақстанды өз көзімен көріп, зерттегісі келеді. Мысалы, мен Африкада, Таяу Шығыста болып қайттым. Олар басқа елдер сияқты, ерекшелігі жоқ. Ал Қазақстан – мен үшін бір жаңа дүние, мені өзіне тартып тұрады. Сондықтан мен осындамын, – деді Эндрю.

Қазақстанның кең-байтақ даласына келмес бұрын Эндрю Жезқазғандағы ғарышкерлердің кездесуін суретке түсіріп алады.

Саяхатын Эндрю Қарағанды облысының орталығынан бастады. Ақадыр станциясына келе салып, қазақтың кең-байтақ даласын көруге аттанды...

– Адамдар ғарышқа тәуелді. Мысалы, үйлердің антенналарына қарап-ақ адамдардың ғарышқа тәуелді екенін айтуға болады, – деп ойымен бөлісті Эндрю.

Ирландиядан келген фотограф келесі күні Сарыарқада орналасқан фермаларға барып қайтты.

– Менің жобамның мақсаты – мына сұраққа жауап беру: «Расында, біздің барлығымыз қайда жылжып жатырмыз? Жергілікті тұрғындар қайда жылжып жатыр?». Мені Қазақстанның кең даласы, ол елдің тұрғындары қызықтырады, – деді фотограф.

Фотограф фермалардың бірінің маңында жатқан металл үйіндісін байқады. Содан Ирландиядан келген қонақта ғарышта неше металл сынығы бар екен деген сұрақ туды.

– Мен жобамарқылы жергілікті тұрғындардың ғарышпен байланысын көрсеткім келеді. Адамдар ғасырлар бойы кең далада осындай жағдайда тұрған. Ал ғарышкерлер – адамзаттың даму кезіндегі адамдар. Міне, осылайша олар кездеседі, – деді фотограф.

Ауылдағы тұрғындардың қалаға көшуі – әлем бойынша болып жатқан тенденция. Қазақстан да солардың қатарында. Осылайша кең далада өмір сүретіндер жыл сайын азайып барады.

Жергілікті тұрғындар туралы айта келе, фотограф камерасын кең далаға бұрды.

Эндрю суретке түсіргенде сандық камерамен қоса таспалы камераны да қолданады. Себебі ол суретке өзіндік түс беріп, суреттердің сапасын жақсартады екен. Фотографтың айтуынша, Ирландияда да ауылшаруашылығы Қазақстандағыдай жақсы дамыған, онда да жасыл егістік пен фермалар бар.

– Бізде, Ирландияда, фермалар аумақтарын қоршауға алады. Ал Қазақстанда фермалардың қоршалмағаны мені таңғалдырды, – дейді Эндрю.

Сондай-ақ фотограф темірден жасалған киіз үйді байқады. Ол мұндай құрылысты ерекше деп санады.

– Маған Қазақстанның кең даласы қатты ұнайды. Бастапқыда жазық даладан басқа еш нәрсе жоқ сияқты болатын. Бірақ анықтап қарасаң, қызық нәрсе көп екен, – деді Эндрю ■

ТАСЖОЛДА ТАБАНЫҢ ТАЙМАСЫН



Миссури көлік департаменті ілкі жоба аясында әлемде Күн панельдерінен жасалған бірінші жолды салу ниетін жариялады.

Алты бұрышты пішінді Күн панельдері Route 66 трассасындағы учаскеде бетон мен асфальтты алмастырады. Олар Күн энергиясын жинақтап

(тұтынып), одан электр энергиясын өндіріп, электр желілерін жабдықтайды.

Жол Күн панельдерін мұз бен қарды еріте алатын жылыту бөлшектерімен жабдықтау жоспарланған. Бұл – жолдарды күтуге кететін шығынды азайтып, реагенттерді пайдаланудан бас тартуға ықпалдасуы тиіс ■

ҒАЛАМШАРДЫҢ ТУУЫ



Астрономдар Күн жүйесінен алыс орналасқан ергежейлі жаңа ғаламшарды тапты. 2015RR245 аспан денесі 730 жыл кезеңімен 34-120 астрономиялық бірлік қашықтықта созылған жолында Күннің айналасында қозғалады екен. Ергежейлі ғаламшардың радиусы 350 шақырым. Аспан денесінің сыртқы қабатында мұздалған азот, су, көміртегі монооксиді және аз мөлшерде осы химиялық элементтің күрделі байланысқан түрі бар. Оның ішкі қабатының температурасы, Цельсий бағамы бойынша, минус 220 градус. Бұл – ергежейлі

ғаламшардың материясын сақтайды және пішінін өзгертпейді.

2015 RR245 ғаламшары Күнге тек 2096 жылы жақындауы мүмкін. Оған дейін ғалымдар аспан денесінің орбитасын зерттеп, физикалық және химиялық құрылымын түсінуді жоспарлап отыр. Негізі, Күн жүйесінде сегіз ғаламшар бар. Олардың арасында ең алыбы әрі ауыры – Юпитер. Плутон 2006 жылдан бастап ғаламшар болып есептелмейді, себебі ғаламшарға тән шарттарға сәйкеспейді. Ол өз орбитасында басымдыққа ие емес ■

ӨЗІМШІЛДІК ӨРГЕ СҮЙРЕЙДІ

Эгоист қазақша тәржімалағанда «өзімшіл, қарақан басын ойлайтын адам» деген түсінік береді. Неге екені белгісіз, біз эгоист болуды жамандыққа балаймыз. Адамның өзге біреуді жарылқамас бұрын өзің, отбасын ойлауы керектігі дінде де айтылған. Демек, эгоист болу – өрескел қате емес, қарапайым заңдылық, табиғи инстинкт.



Өмірде көбінесе қандай адамдар қателікке бой алдырады? Кімдер теріс жолға түсіп, тура жолдан адасады? Олары – біреудің ой жетегіне ілескендер, яғни өзіндік ұстанымы, пікірі жоқтар. Немесе сол пікірін ашық айта алмайтындар, қорғай алмайтындар. Эгоист адам өзінің бұл өмірден не қалайтынын жақсы біледі. Ал мақсаты айқын адамды көздегенінен бас тартқызу немесе оны адастыруға тырысу – оңай шаруа емес. Ол «Жоқ!», «Келіспеймін!», «Қаламаймын!», «Бұл маған қажет емес!» деп қысылмай, қорықпай кесіп айта алады. Жастарға байланысты бүгінгі күні туындап жатқан мәселелердің көбі «Жоқ!» деген бір ауыз сөзді айта алмаудан басталады. Есірткі ұсынып тұрған досымағының көңіліне қарайды, ұрлыққа шақырған доссымағына «барғым келмейді», «маған бұл қызық емес» дегісі-ақ келсе де, демейді. Біздің уақытта эгоисті ескі заман түсінігіне сүйеніп, жаман адам деп қабылдамау керек. Эгоист деген – кәдімгі адам. Кәдімгі адамға эгоистік қасиет қажет. Ол өсіп-өнуі үшін, тірі қалуы үшін керек. Керісінше, қазақ балаларын эгоист болуға тәрбиелеу керек. Бірақ мұнымнан шошып қалмаңыздар. Мен эгоизмді түпкілікті жақсы дүние деуден аулақпын. Сонымен қатар эгоизмнің іші толған негатив деп те айта алмаймын. Ол мөлшер-шегін білген жанға пайдалы ■

АРҚАНЫҢ ТАҢДАУЛЫ



ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АКАДЕМИЯСЫ

Мекенжайы:
Қарағанды қаласы,
Пичугин көшесі, 259-үй
Байланыс телефоны:
8(7212)47-50-69

Арқа Академиясы
аймақтық қоғамдық-саяси газет
Айына 4 рет шығады
Меншік иесі:
«Кент» Баспа үйі» ЖШС
Директор:
Умуджан БЕКИМОВА
Директор орынбасары:
Айткүл ОМАРОВА

Бас редактор:
Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Ерболат ЕРБОЛҰЛЫ
Тілшілер қосынының жетекшісі:
Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ
Компьютер орталығының жетекшісі:
Алена МЕДВЕДЕВА
Кезекші редактор: Назира БАЙНАЗАР

Редакция мекенжайы:
Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы,
44/2; 312-кеңсе
Байланыс телефоны:
8 (701) 177-66-01, 8 (775) 784-92-34
Электронды пошта:
akshamy@mail.ru
Таралымы:
4000 дана

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, тіркеу туралы №13477-Г куәлігі 29.03.2013 жылы берілген.
Газет «Арқа ақшамының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Газетте жарияланған автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газет «Қарағанды Полиграфиясы» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков к., 33-үй